

**Выводы:**

Основополагающая роль городского пассажирского транспорта заключается в экономии времени населения, затрачиваемого на преодоление расстояния между пространственно разобщенными элементами города. Транспорт, экономя время и силы человека, дает возможность значительно увеличить радиус осуществления контактов, необходимых для обмена деловой, научной и культурной информацией. Обеспечивая своевременную доставку работающих к местам приложения труда, пассажирский транспорт влияет на нормальное функционирование отраслей хозяйственного комплекса. Социальный эффект от развития ГПТ проявляется в улучшении доступности учреждений медицины, образования, культуры, торговли, что способствует удовлетворению спроса населения на различные услуги.

ЛИТЕРАТУРА

1. Статистический сборник Агентства РК по статистике «Транспорт и связь Республики Казахстан за 2003-2008 год». Астана, 2009.
2. Брагин С.В., Сабетов А. Экспедирование экономика транспорт: Учеб. пособие. Алматы, 2002, 380 с.
3. Статистический сборник Агентства РК по статистике «Транспорт Республики Казахстан 2000-2003 годы». Алматы, 2004.
4. Статистический сборник Управления статистики города Алматы. «Основные показатели работы транспорта и связи города Алматы за 2005 год». Алматы, 2006.

**ӘОК 658.011.46**

**Ускенбаева Асель Мараловна – ізденуші (Алматы, ҚазҰТУ)**

**МҰНАЙ КЕНОРЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРЫНДЫЛЫҚ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Жаңа жүзжылдықтың бірінші онжылдығында Қазақстан экономикасының мұнайгаз секторында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер компаниялардың өндірістік-шаруашылық қызметін жоспарлау мен нәтижелерін талдау үрдістерінің принциптерін қайта қарауға әкелді.

Мұнай өндіруші кәсіпорындар қызметтері мақсаттарының қайта бағытталуы көптеген баламалар ішінен кенорындарды игеру нұсқаларының үздігін таңдауға мүмкіндік беретін технологиялық жобаларды бағалау әдістерін жасап шығаруды талап етті. Қазақстанда өндірілетін мұнайдың 80%-дан астам көлемі игерудің өндірілген және соңғы кезеңіндегі игеріліп отырған кенорындардан алынады. Мұндай аудандар үшін мұнайдың шамамен 25%-ның геологиялық-техникалық шаралар (ГТШ) бағдарламасы есебінен өндірілетіндігі сипатты. Оларды іске асыруға кететін шығындардың меншікті салмағы кенорын бойынша шығындардың жапы сомасының 10%-дан 50%-ға дейінін құрайды.

Мұндай жағдай мұнай компанияларынан жобалар тиімділігін түбегейлі талдауды талап етті. Бұл талдауды есеп және есептіліктің мақұлданған нысандарына сүйене отырып жүргізуге болмайды. Оның себебі есеп пен есептіліктің ертеректе қолданыста болған нысандарының кәсіпорын қызметінің технологиялық және экономикалық нәтижелерін жекелеген технологиялық жобалар аумағында нақты салыстыруға мүмкіндік бермеуінде жатыр.

Кенорынды игеру көрсеткіштерін экономикалық талдау әдістемелерін талдау зерттеудің көптеген жағдайларында жалпы кенорынды игеру жобасын бағалаумен шектелетінін көрсетті. Бұл жекелеп алғанда, игерудің экономикалық тиімді жобасына іске

асырудан болған кері әсердің жалпы бағалау көрсеткіштерінде жоғалатын шығынды шаралар жиынтығының орын алуына әкелді. Ал жұмыстар мен шаралардың жеке түрлерін бағалаудың қолданылған талпыныстары жекеленілген және тар мамандандырылған сипатта болды (жұмыстардың тек нақты түрлері, мысалы жаңа ұңғыларды енгізу) және көптеген технологиялық баламалардың ішінен өндірістік бағдарламаны таңдауды жүзеге асыру мен кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік бермеді.

Бүгінгі таңда мұнай кенорындарын игеру жобаларын экономикалық бағалаудың отын-энергетика кешені кәсіпорындарының қызмет жасау тиімділігі мен мұнай өндіру көлемін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа әдістемесі қажет.

Ғылыми мақаланың мақсаты геологиялық-техникалық шаралар бағдарламасынан болатын әсерді есепке ала отырып, кенорындарды игеру жобалары тиімділігін экономикалық бағалаудың әмбебап әдістемесін жасау. Бұл мақсатқа жету үшін зерттеудің келесі тапсырмаларды шешу қажет:

- ГТШ бағдарламасы тиімділігін есепке ала отырып, жобаларды экономикалық бағалаудың әдістемесін жасау қажеттілігін түсіндіру;
- мұнай өндіруде қолданылатын экономикалық бағалаудың қолда бар әдістемелерін талдау;
- ұсынып отырған әдістеменің кәсіпорындар өндірістік-шаруашылық қызметін жоспарлау мен талдау жүйесіндегі орнын анықтау;
- есептеулер алгоритмін автоматтандыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық кешенді жасау;
- ұсынып отырған экономикалық бағалау әдістемесінің тәжірибелік қолданысы.

Нарықтық экономикада кәсіпорындардың өндірістік-шаруашылық қызметінің тиімділігі зерттеу объектілері болып табылуы мүмкін. ГТШ бағдарламасы тиімділігін есепке ала отырып, мұнай кенорындарын игеру жобаларын экономикалық бағалау зерттеу пәні болып табылады.

Зерттеудің негізгі әдістері болып, талдаудың статистикалық және математикалық әдістері табылады. Жекелеп алғанда, жұмыста геологиялық-техникалық шаралар өткізілген ұңғылар дебитінің өзгерісі динамикасын статистикалық талдау әдісі қолданылады және оның өзгерісі функциясын таңдау жүзеге асырылады. Технологиялық жобаларды бағалау алгоритмін жасауда әлемдік тәжірибеде қабылданған ақша ағымдарын талдау және нәтижелік бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістері пайдаланылды. Жүргізілген диссертациялық зерттеулер негізінде геологиялық-техникалық шаралардың түрлі бағдарламаларын есепке ала отырып, кенорынды игеру жобаларын іске асыру нұсқаларын модельдеуге мүмкіндік беретін экономикалық бағалау әдісі жасалды.

1. Ұсынып отырған әдістеме өндіріп отырған мұнайдың жалпы көлемін шартты түрде бағалық және қосымша өндіру деп бөлуге, геологиялық-техникалық шаралардың түрлі жобалары мен базалық өндіруді салыстыруға мүмкіндік береді. Мұнайды базалық өндіру деп қол жеткізген технологиялық потенциалды сақтап қалу жағдайында, жаңа ұңғыларды енгізудің жоқтығымен сипатталатын кенорындарды игеру нұсқасын айтады. Барлық жүргізіліп отырған жұмыстар тек қолданыстағы ұңғылар қорын ГТШ көлемін айтарлықтай қысқарта отырып, және ұңғылардың қалыпты істен шығуы жағдайында ұстап тұруға бағытталған. Технологиялық жобаларды әлемдік тәжірибеде қабылданған тиімділіктің нәтижелік көрсеткіштерін (таза дисконтталған табыс, пайданың ішкі нормасы, инвестициялардың өтелу мерзімі, табыстылық индексі) есептейтін біртепті сұлба бойынша бағалау ұсынылады.

2. Мұнай өндірудің өзіндік құны калькуляциясының қабылданған нысаны негізінде шығындар нормативін есептеу алгоритмі ұсынылады.

3. Таза дисконтталған табыс, пайданың ішкі нормасы, инвестициялардың өтелу мерзімі мен табыстылық индексін есепке алатын экономикалық тиімділіктің интегралды көрсеткіші негізінде геологиялық-техникалық шаралар жобаларын ранжирлеу алгоритмі жасалды.

4. Мұнайөндіруші кәсіпорындар өндірістік-шаруашылық қызметінің стратегиялық және ағымдағы жоспарлары, сондай-ақ мемлекеттік органдарда бекітілетін жобалық құжаттар өзара байланыстырылды.

5. Бірқатар мәселелерді кәсіпорын қызметінің жалпы тізбегі: *жоспарлау – есеп – нәтижелерді талдау* бойынша шешуге мүмкіндік беретін бағдарламалық кешен жасалды.

Экономикалық бағалаудың ұсынып отырған әдістемесі мен оның негізінде жасалған есептеулер моделі стратегиялық, операциялық және ағымдағы жоспарлаудың тәжірибелік мәселелерін шешу үшін, жобалық құжаттарды жасауда, қол жеткен өндірістік-шаруашылық көрсеткіштерді талдауда, өнеркәсіптің мұнайөндіру саласында кеңінен қолданыла алады. Күнделікті өндірістік-шаруашылық қызметке есептеудің тұрақты қолданыстағы моделін ендіру ескі кенорындарды игеруге кететін шығындарды айтарлықтай қысқартуға және осындай аудандарда жүргізілетін жұмыстардың жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жүргізілетін ГТШ бағдарламалырын есепке ала отырып жаңа кенорындарды игеру тиімділігін есептеу, инвестициялық шығындарды оңтайландыруға және көптеген бағдарламалардың ішінен ақша құралдарын салудың жақсы деген объектілерін таңдауға мүмкіндік береді.

Жасалған алгоритм негізінде кәсіпорында экономикалық бағалаудың тұрақты моделі құрылды. Ол өз кезегінде өндірістік-шаруашылық қызмет нәтижелерін жоспарлау, есептеу мен талдау үрдістері негізіне енді. *Технологиялық* жобаларды бағалауға және қаржы ресурстарын сәйкесінше бөлуге ұсынып отырған жолды қолдану мұнайөндіруші компанияларға жаңа кенорындарды игеруге ендіруге, басқа кенорындарды игеру тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланудың түрлі кезеңдерінде сандық бағалау үшін Батыс Қазақстанның мұнай кенорындары таңдалып алынды. Мұнай кенорындарын пайдалану мерзімдерін есепке алсақ, әрбір жеке алып отырған кенорынның өзіндік айрықша игеру көрсеткіштеріне ие екенін байқауға болады. Пайдаланудың соңғы кезеңіндегі ұңғылардың өнімділігін қалпына келтіру (ҰӨҚК) шараларын өткізудің технологиялық тиімділігін анықтау үшін жөндеу-изоляциялық жұмыстардан (ЖИЖ) тұратын техникалық көрсеткіштерді қарастыру қажет екенін атап айтқан жөн. ҰӨҚК шараларын өткізудің технологиялық тиімділігінің жалпы нәтижелері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте.

Батыс Қазақстанның кенорындарында ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын өткізудің технологиялық тиімділігі

Жөндеу түрі Көрсеткіш	Кенорындар					
	1 кенорын			2 кенорын		
	барлығы	ЖИЖ	Басқа да ҰӨҚК	барлығы	ЖИЖ	Басқа да ҰӨҚК
Жөндеу жұмыстарының саны	81	40	41	50	30	20
Шарасыз орташа дебит, <i>т/тәул.</i>	1,22	1,2	1,25	8,01	6,43	10,39
Шарамен орташа дебит, <i>т/тәул.</i>	1,65	1,37	1,97	9,20	7,01	12,49

**ҚазККА Хабаршысы № 3 (64), 2010**

Шарасыз орташа сулану, %	81,3	98,0	65,0	69,6	78,0	54,0
Шарамен орташа сулану, %	73,5	90,0	57,0	66,2	73,1	56,0
Мұнай өндірудің өсімі, <i>m</i>	26202	5629,5	23572	57220,3	16652,1	40568,2
Техникалық тиімділік коэффициенті	0,3	0,23	0,19	1,02	0,77	1,11

Кестеден 2 кенорынға қарағанда 1 кенорын үшін ұңғылардың айтарлықтай аз өнімділігі мен өнімнің біршама сулануында жөндеу жұмыстарының жиі жүргізілетіні сипатты екенін көруге болады. Бұл өз кезегінде мұнай өндірудің өсімі көрсеткіштері мен технологиялық тиімділік коэффициентінен байқалады.

Талданып отырған кенорындарда ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын өткізудің экономикалық тиімділігін есептеу реті келесілерден тұрады:

- шаралардан кейін ұңғының жұмыс уақытын анықтау;
- шаралардан кейін мұнай мен сұйықтық өндіруді есептеу;
- қосымша өндірілген мұнайды сатудан түскен түсімді анықтау;
- өзіндік құнға кіретін салықтарды есептеу;
- шартты-ауыспалы және шартты-тұрақты шығындарды есептеу;
- салыққа дейінгі және одан кейінгі пайданы есептеу;
- шараларды өткізуге кететін шығындарды есепке алғандағы таза табысты есептеу;
- технологиялық әсердің әсер ету кезеңіндегі таза дисконтталған табысты есептеу.

1 және 2 кенорындарда ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын өткізудің экономикалық тиімділігі 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте.

Кенорындарда ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын өткізудің экономикалық тиімділігі

Жөндеу түрі Көрсеткіш	Кенорындар					
	1 кенорын			2 кенорын		
	Барлы ғы	ЖИЖ	Басқа да ҰӨҚК	Барлы ғы	ЖИЖ	Басқа да ҰӨҚК
Шараларды өткізуге кететін шығындар, <i>мың теңге</i>	12944	9599,8	3343,91	38003,8	24402,7	13601,0
ТДТ өсімі, <i>мың теңге</i>	- 15524,6	- 31133,4	15608,8	4976,8	3070,5 4	1906,27
Қосымша өндірілген мұнайдың 1 тоннасына ТДТ өсімі, <i>мың теңге/т</i>	-0,59	-5,53	0,76	0,09	0,18	0,05
Қосымша өндірілген мұнайдың 1 тоннасына қатысты шараларға кететін шығындар, <i>мың теңге/т</i>	0,49	1,71	0,16	0,66	1,47	0,34
1 ұңғыға технологиялық әсердің ұзақтылығы, <i>тәул.</i>	695	690	700	965	930	1000
Шығындардың өтелу мерзімі, <i>тәул.</i>	жоқ	жоқ	290	190	350	140

Экономикалық әсері оң ұңғылар саны, ұңғы	21	4	17	31	18	13
Экономикалық тиімділік коэффициенті	0,26	0,10	0,41	0,62	0,60	0,67

2-кестеден көріп отырғандай, ұңғылар өнімділігін арттыруға бағытталған шараларды өткізуге кететін қосымша шығындар жөндеу-изоляциялық жұмыстардың технологиялық тиімділігінің төмендігінен экономикалық түрде ақталмайды. Бұл осы кенорында жалпы кері экономикалық тиімділікке әкеледі. Осының салдары болып жөндеу-изоляциялық жұмыстар бойынша ТДТ-тың кері өсімі мен қосымша өндірілген мұнайдың бір бірлігіне катысты шараларды өткізуге кететін шығындардың көптігі табылады.

Есептеу әр ұңғының өнімділігін қалпына келтіру шараларын өткізуге дейін және кейін жүргізілді.

Келесі кезеңдерде ұңғыларды келесі критерийлер бойынша іріктеу жасалады:

- сатудан түскен түсім жөндеу құнынан аз;
- таза пайда жөндеу құнынан аз.

Бұл кезеңдерде бағалаудың осы критерийлері бойынша тиімсіз ұңғылар түсіп қалады. Қорытынды кезеңде түрлі экономикалық шекті дебиттерде таңдалып алынған ұңғылардың экономикалық тиімділігі болжалады. Осы бағалаудың экономикалық талдауда шараларды өткізуге дейінгі және кейінгі айырмашылықты анықтау үшін қажет екенін айта кеткен жөн. Егер шараларды өткізгеннен кейін алынған ТДТ нәтижелері қалаған әсерді бермесе, онда шараның дәл осы типін өткізудің мәні жоқ. Егер ТДТ оң болса, онда бұл ұңғының өтелу мерзімін есептеп, оны жөндеуаралық кезеңмен салыстыру қажет. Ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын жүзеге асырудың экономикалық тиімділігін бағалау үшін әсер ұзақтылығы сияқты көрсеткіштің маңызы зор.

Технологиялық әсердің нақты ұзақтылығы мен шығындардың өтелуі бойынша жөндеуден өткен ұңғыларды бөлу экономикалық тиімділіктің өсімдік мөлшерлерінің төмен болу себептері туралы көрініс береді.

Шығындардың өтелуінің орташа мерзімі мен ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларының барлығы бойынша әсердің орташа технологиялық ұзақтылығы арасындағы алшақтық, сәйкесінше, 15 және 25 айды құрайды. Осыған орай, тиімділігі орташа ұңғы жөндеуге кеткен шығындар өтелгеннен кейін, артынан тиімсіз жөндеу жұмыстарына кеткен шығындарды өтейтін негізгі экономикалық әсерді әкеле отырып, қосымша уақыт күшейтілген тәртіпте жұмыс істейді. Шараларды өткізуге кететін шығындарды тиімділік коэффициентімен түзете отырып, олардың міндетті түрде ТДТ өсімі есебінен немесе жөндеу жұмыстарына кететін тұрақты шығындардың орнын толтыру есебінен экономикалық әсермен өтелуі міндеті қойылады. 3-кестеде көрсетілген ТДТ өсімі критерийі бойынша ұңғыларды үлестіру толық кері немесе өспелі кері әсерлі ұңғы-операцияларының айтарлықтай бар екенін дәлелдейді. 4-кестеде ұңғыларды технологиялық және экономикалық тиімділік критерийлері бойынша үлестірілген ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын жүзеге асырудың технологиялық орынды деңгейлеріндегі алшақтықты анықтауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген ұңғы-операцияларының басым үлесі технологиялық әсермен қатар жүреді, бірақ мұнда өндірудің өсімі тіпті шартты-тұрақты шығындар мен оларды жүзеге асыру шығындары есебінен де өтелмейді.

3-кесте .

ТДТ өсімі бойынша ұңғыларды үлестіру

ТДТ өсімі	Кенорындар			
	1 кенорын		2 кенорын	
	ұңғы	%	ұңғы	%
0 ден 1000 мың теңгеге дейін	12	14,8	8	16
1000-нан 5000 мың теңгеге дейін	8	9,9	14	28
5000-нан 10000 мың теңгеге дейін	1	1,2	7	14
10000 мың теңгеден жоғары	0	0,0	2	4
Өсім +, бірақ ТДТ теріс	28	34,6	7	14
Теріс әсермен	32	39,5	12	24
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>81</b>	<b>100</b>	<b>50</b>	<b>100</b>

4-кесте.

Технологиялық және экономикалық орынды критерийлері бойынша ұңғыларды үлестіру

Нәтиже	1 кенорын		2 кенорын	
	ұңғы	%	ұңғы	%
Барлық критерийлер бойынша оң	15	18,3	20	40
Экономикалық критерийлер бойынша оң	21	25,6	30	60
Технологиялық критерийлер бойынша оң	44	53,7	37	74
Барлық көрсеткіштер бойынша теріс нәтиже	27	32,9	1	2
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>82</b>	<b>100</b>	<b>50</b>	<b>100</b>

5-кесте.

Ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларының классификациясы

Өткізілетін шараның сипаты	Нәтиже
1. Интенсификация есебінен дебиттердің өсіміне бағытталған ұңғыларды жөндеу	Ағымдағы өндірудің өсуі немесе өнімнің сулануының төмендеуі
2. Жөндеуаралық кезенді арттыруға бағытталған ұңғыларды жөндеу	Ұңғыларды пайдаланудың жөндеу циклының ұзақтылығының артуы
3. Экологиялық себептерге байланысты ұңғыларды жөндеу	Мұнай жоғалтуларының төмендеуі және экологиялық залалдың азаюы
4. Салық салудағы жеңілдіктерге сәйкес әрекетсіздіктен пайдалануға ендірілген ұңғылардың бастапқы дебитін анықтау	Ұңғының одан әрі пайдаланылуы экономикалық тиімді болып табылатын минималды рұқсат етілген дебитті анықтау
5. Қалпына келтірілген ұңғыларды жөндеу	Экономикалық шекті рұқсат етілген дебиттің азаюы

Пайдаланудың соңғы кезеңіндегі ұңғылар өнімділігін қалпына келіру шараларын өткізудің экономикалық тиімділігін бағалаудың ұсынып отырған критерийлері мен принциптеріне сәйкес шешу алгоритмін көрсетуге болады:

*Бірінші кезеңде* ұңғыларды әр ұңғы бойынша бастапқы мәліметтерді жүйелендіру негізінде жөндеу жұмыстары топтарына үлестіру жүзеге асырылды. Мұнда ұңғы нөмірі, ұңғы өнімділігін қалпына келтіру шараларын өткізу күні, шарадан кейінгі болжамалы мұнай дебиті мен сулану, шара құны жатқызылған.

*Екінші кезең* ұсынылған тиімділік критерийлеріне сәйкес ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын өткізудің технологиялық және экономикалық орындылықты анықтаумен байланысты.



Экономикалық тұрғыдан ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын жүзеге асыру шарттары мен шектерін көрсету және нақты кенорынды игерудің табиғи-геологиялық шарттарын есепке ала отырып, ең рационалды әдістерді таңдауды негіздеу үшін шаралар өткізудің технологиялық және экономикалық орындылық шектері бекітіледі.

Келтірілген тәуелділіктерден 1 кенорында ұңғылар өнімділігін қалпына келтіру шараларын жүзеге асыру суланудың 90%-дан жоғары болған жағдайында, тіпті бүгінгі таңдағы мұнайдың нарықтық бағасының жоғары болуы жағдайында дебиттердің барлық деңгейлері үшін тиімсіз екенін көруге болады. Аз дебитті ұңғыларда мұндай шаралар тіпті өнімнің сулануының төмен болғанында да экономикалық тиімсіз. Осындай 2 кенорында орын алған экономикалық жағдайларда дебиттілігі 0,7 т/тәул артық және сулануы 92%-дан аспайтын кенорындарда жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы айтуға болады. ТДТ көрсеткіштерінің өскеніне көңіл аудару керек. Аз дебитті 1 кенорында экономикалық орындылық шегі дебиттілігі 0,5 т/тәул жоғары ұңғыларға келеді. ТДТ өсімі өнімнің сулануы 90% болғанда 1,8 т/тәул шегінен бірден асып түседі. 2 кенорында жөндеу жұмыстарын жүргізуді жүзеге асырудың шекті экономикалық тиімділігі дебиті 3 т/тәул және сулануы 70% ұңғыларда болады. Сулану 87% болғанда тек 7 т/тәул бастап ТДТ-тың жаймен өсуі байқалады.

Осылайша, басқару теорияларын пайдалану ұңғы дебитінің өзгерісіне байланысты шығындар өзгерісін есепке ала отырып, әр ұңғыға сандық баға беруге, яғни қолданыстағы ұңғылар қорында шаралар кешенін тандауға, экономикалық көрсеткіштердің өзгеруін алдын ала болжауға мүмкіндік жасайды.

Тәуекелдер көптігі мұнай компанияларын алып кенорындарды іздеуге итермелейді. Геологтар мен инженерлер мөлшері іздеу жұмыстарының тәуекелдігін ақтамайтын көптеген кенорындарда өндіруді орната алады. Мұнайгаз барлаушыларының пікірінше, кенорынның бастапқы қуаты 100-300 млн. баррель болуы керек, алайда игеру туралы сөз қозғағанда бастапқы мәндер біршама төмен болады. Кенорындардың бастапқы қуатын талдау мұнай іздеуге кеткен шығындар мен фискалды жүйе талаптарын өзара салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл инженер-мұнайөндірушілерге және кенорындарды игеру мамандарына шектік шарттарды анықтауға мүмкіндік береді. Табыс ықтималдығы туралы мәселе бізді техникалық және коммерциялық табыс арасындағы айырмаға әкеледі. Бұл айырма кенорынның бастапқы қуатымен анықталады. Егер бұл көрсеткіш 0-ге жақын болса, онда айырма да 0-ге қарай жылжиды.

Бастапқы қуат шығындар мөлшері, игеруге кететін уақыт, кенорындар сипаттамасы және қарастыратын елдегі қолданыстағы фискалды жүйемен анықталады. Бұл талдаудың басты мақсаты – жалпы іздеу жұмыстарына кірісуге тұра ма, жоқ па, соны анықтау.

#### **Қорытынды**

Жұмыстарды орындауда міндеттемелер табиғатына тәуелді тәуекелді капиталға деген қажеттілік тәуекелді фактор болып табылады. Бәсеке қабілеттілігін сақтау үшін компаниялар іздеу жұмыстарына кететін шығындарды шектеуі керек. Мұндай барлаушылар үшін бастапқы қуатты талдауда шешуші ауыспалылар болып мыналар табылады:

- тәуекелді капиталды бағалау;
- көмірсутектерді табу ықтималдығы;
- игеруге кететін шығындарды бағалау;
- мұнайдың болашақтағы бағасын бағалау;
- кенорынның ықтималды қуатын бағалау;
- өндірудің болашақтағы динамикасын бағалау;
- фискалды жүйе.

Ең сезімтал факторларға мұнай бағасы мен шығындар мөлшері жатады. Тағы бір шешуші фактор болып ұңғы өнімділігі табылады, себебі оған капитал салымдары да, эксплуатациялық шығындар да тәуелді. Мұнай саласы үшін үлкен капитал салымдары мен түрлі техникалық шектеулер сипатты. Сондықтан, кенорынның бастапқы қуатын талдаудың негізгі құралы ретінде болашақтағы ақша ағымдарының дисконтталған мөлшерін талдауды қолданған абзал.

#### **ӘДЕБИЕТ**

1. Егоров О.И. Проблемы экономической эффективности нефтедобывающего производства Казахстана. Алматы: Наука, 2002.
2. Ермилов О.М., Миловидов К.Н. Стратегия развития нефтегазовых компаний. М.:Наука, 2004.
3. Рохлин С.М., Рыженков И.И. Экономика рационального использования нефтяных ресурсов и недр. М.:Недра,1991.
4. Атаян Н.Х. Организация управления нефтегазовой производственной системой в условиях ФПГ. М.:Недра,1996.
5. Сыромятников Е. С., Победоносцева Н. Н. Организация, планирование и управление нефтегазодобывающими предприятиями. – М.: Недрa, 1987.